

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ



AUEZOV
UNIVERSITY
1943

«Бекітемін»
М.Әуезов атындағы ОҚУ
Оқу және ОӘЖ жөніндегі
проректоры

Р.Абишева

«29».12.2021ж.
ums 002385

«Журналистиканың теориясы мен жанрлары, өзекті мәселелері: талдау,
тәжірибе» курсының

БАҒДАРЛАМАСЫ

72сағат

Құрастырғандар:

Турабаева Л.К. – кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент
Кансеитова Ж.Ж. – аға оқытушы, филология магистрі

«Журналистика және қазақ тілі» кафедрасының мәжілісінде қаралды
(хаттама №5 «20»12.2021ж.)

Кафедра меңгерушісі _____ Турабаева Л.К.
(қолы, ат-жөні)

Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің мәжілісінде талқыланып, ұсынылды
(хаттама №2 «28». 12 . 2021ж.)

Хатшы _____ Р.Арынбаева

М.Әуезов атындағы ОҚУ ОӘК мәжілісінде мақұлданды және ұсынылды

(хаттама №_3__ «_29__»__12____2021ж.)

ОӘБ жетекшісі _____ Г.З.Туребекова

ОӘБ тіркеу нөмірі **ums 002385**

1. Түсіндірмелік жазба

«Журналистиканың теориясы мен жанрлары, өзекті мәселелері: талдау, тәжірибе» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы жоғары оқу орындарының «Журналистика» мамандығы бойынша сабақ беретін педагогикалық қызметкерлерін оқытуға арналған.

Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту мақсаты – білім беру сапасын қамтамасыз ету арқылы әлемдік деңгейдегі нәтижеге жету. Білім беру сапасын арттыруда тиімді оқу мен оқытудың тәсілдерін дұрыс құрылымдай білуде педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктері өмірлік дағдыларды игеруге бағыттталып, білім сапасын бағалау деңгейімен анықталады.

Бағдарламаның мақсаты: Бұқаралық ақпарат құралдарының бірі ретінде мерзімді баспасөз жанрлары мен пішіндерін пайдалана отырып, белгілі бір мағлұматтарын игертуде, интернет сайттарында түрлі жанрда материал әзірлеуді үйрету. Мерзімді басылымдардың жұмыс істеу тәжірибесімен таныстыруда, ақпарат жазу тәжірибесін меңгертуде педагогтердің құзіреттіліктерін қалыптастыру.

Бағдарлама міндеттері:

- журналистік шеберлікті алған теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын, ойлау мәдениетін, сөйлеу техникасын, әртүрлі мәтіндердің стильдік ережелері мен редакциялауды меңгерту.
- журналистік шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру.
- медиа және ақпараттық сауаттылық жетілдіру үшін үлес қоса алатын жолдарын анықтау;
- әлеуметтік желілерде ақпараттарды өңдеу, пайдалану қызметін дұрыс түсіндіру.
- әлеуметтік желілерден алынған ақпараттардың айқындылығы мен шынайылығын деректер арқылы тексеру.
- өзінің ойын жазбаша және ауызша дұрыс жеткізу.
- әртүрлі құбылыстар мен процестерге аналитикалық талдау жасау.

Курс соңында тыңдаушылар:

- ақпарат жинаудың әдістерін, танымдық қызметті, мәтінді жеткізу формаларын, халықаралық құқық негіздерін, әртүрлі БАҚ жұмысының механизмдерін, қазіргі БАҚ мәселелерін, баспа және электронды БАҚ жұмыс ерекшеліктерін, әлеуметтік желілер мен мағлұматтар базасымен, аудио, видеоконтенттермен жұмыс істеудің ерекшеліктерін білу түсінеді.
- БАҚ жүйесі туралы, оның әртүрлі мемлекеттік және жеке ұйымдармен өзара байланысы туралы ақпараттарды талдай алады.
- қоғамның даму заңдылықтарын, құқықтық және әдеп нормаларын меңгереді.

2. Курстың мазмұны

1-модуль. Қазақ көсемсөзінің тарихы мен тәжірибесі. Талдамалы журналистика (9 сағат)

Қазақ көсемсөзінің тарихы мен тәжірибесінің өзекті мәселелері. Өткірлік, батылдық, болжампаздық қасиеттердің бой көтеруі мен көсемсөздің пәрменділігі жайлы нақты мысалдар төңірегінде талдау. Қазіргі қазақ баспасөзінің публицистика жанрларын түрлендіріп берудегі ізденістері мен шеберліктері салыстырмалы түрде саралау.

Талдамалы журналистика жанрлары. Болашақ журналистердің құзіреттіліктерін қалыптастыру.

2-модуль. Журналист шеберлігін қалыптастыру жолдары. (9 сағат)

Бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлеріндегі шығармашылық қызметтің әмбебап әдістері мен бұқаралық ақпарат құралдарын қалыптастырудың тиімді технологиялары. Журналистің ақпараттық ортадағы мінез-құлық стратегиясы. Журналист мамандығының негізгі психологиялық, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктері. Журналистикадағы факт ұғымы, фактілерді іздеу, іріктеу, талдау және жан-жақты түсіну, шығармашылық өңдеу тәсілдері.

3-модуль. Публицистикалық шығармашылық негіздері. (9 сағат)

Әдеби редакциялау және стилистика мәселелерін үйрету, баспасөз материалдарын әдеби өңдеу. Кәсіби қызмет негіздері, өзекті әлеуметтік-мәдени процестердегі журналистік кәсіптің орны мен рөлі. БАҚ саласындағы қазіргі заманғы маманды даярлау әдістемелерін жетілдірудің жалпы идеясы. БАҚ-тың заманауи типологиялық бейнесі. Заманауи БАҚ-тың әртүрлі санаттарының ерекшеліктері.

4-модуль. Тележурналистика, радиожурналистика. Фотожурналистика: теория, тәжірибе, түйін . (6 сағат)

Бағдарламаны жасаудың шығармашылық үдерісі, жанр ерекшелігі. Теледидар инфрақұрылымының ерекшеліктері, теледидардың көрнекі құралдары. Әлемдік теледидар тарихы. Қазақ теледидарының тарихы. Теледидар жанрлары мен түрлері. БАҚ жүйесіндегі теледидар ерекшелігі. Әлемдік теледидарды құқықтық реттестірудің заманауи жүйесі.

Радиожурналистиканың БАҚ ретіндегі рөлі мен орны, қоғамдық міндеттері, тарихы мен технологиясының даму кезеңдері. Радиожурналистиканың жанрлары мен пішіндері. Эфир журналистикасының ерекшеліктері, оның көп жылдық тәжірибесі.

Фотографияның шығу тарихы, дамуы. Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде БАҚ саны мен сапасының артуына байланысты фотожурналистика мамандығының кәсіби деңгейі.

Фотожурналистиканың негізгі кәсіби заңдылықтары мен өзекті мәселелері. Заманауи жана әдіс-тәсілдері, шығармашылық-техникалық принциптері мен даму тенденциялары. Қазақстандық фотожурналистиканың қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыттары. Жоғары дамыған елдердегі фотожурналистика саласы жетістіктері. Фотожурналистиканың даму деңгейі мен қарқыны.

5-модуль. Көркем публицистикалық жанрлар. (3 сағат)

Публицистика жанрларының эволюциясы. Қатысымдық қызмет, жіктелуі, жанрлық ерекшеліктері, тақырыптық бағдары, тіл және стиль ерекшеліктері. Қазіргі жағдайдағы Қазақстандағы көпшілік ақпарат таратудың аймақтық құралдарын дамыту мен олардың қызмет ету ерекшеліктері.

6-модуль. Блогтық журналистика. Медиажурналистика. Мультимедиалық журналистика (8 сағат)

Блогтық журналистика, Медиажурналистика, Мультимедиалық журналистиканың БАҚ ретіндегі рөлі мен орны. Қоғамдық міндеттері, тарихы мен технологиясының даму кезеңдері. Мәнерлеп оқу және журналистің сөйлеу әдебінің қалыптасуы. Эфир журналистикасының ерекшеліктері мен тәжірибесі. Интернет сайттарында түрлі жанрда материал әзірлеу. Мерзімді басылымдардың жұмыс істеу тәжірибесімен салыстыру. Ақпарат жазу тәжірибесін меңгертуде болашақ журналистердің құзіреттіліктерін қалыптастыру.

7-модуль. БАҚ және қазіргі қоғам(10сағат)

БАҚ аудиториясы.Конвергентті журналистика.Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін бойынша айқындау. БАҚ материалдарын талдау. Мерзімді баспасөз, телерадио, интернет газеттердегі өзекті мәселелердің жазылуы мен талдануына байланысты журналистік материалдарды жанрлық, тілдік, стильдік тұрғыдан талдау. Авторлық тұжырым, қорытынды жасау.Үдемелі жылдамдықпендамып келе жатқан бүгінгі медианың мүмкіндіктерін салыстырмалы сараптау.

Медиаүдерістіңігерілеуінедәстүр,контент,конвергенциякұбылыстарын әсер етуші фактор ретінде қарастыру. Медиа кеңістіктіңзаманталабынасай икемделуі,олардыңбелсендіжәнеенжараудиторияға ықпал-әсері. Масс-медиадағы конвергенцияның сипаты.

8-модуль. Журналистиканың теориясы мен жанрлары. (9 сағат)

Заманауи бағыттағы Қазақстандағы аймақтық баспасөздің негізгі мәселелік-тақырыптық бағыттары. Журналистиканың тілдік, стилистикалық және жанрлық ерекшеліктері .

Журналистиканың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы мәселелерін қарастырудағы рөлі.Қазақстандағы аймақтық баспасөзді дамыту беталыстары мен болашағы. Баспа ісіндегі инновациялық, редакциялық-баспаханалық, маркетингтік және ақпараттық технология. Баспа ғылымының теоретикалық проблемаларын игерудегі теоретикалық және тәжірибелік, жеке даярлығын тереңдету. Ақпараттық ортада ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметті орындау. Көпшілік ақпарат құралдарымен қоғамның әралуан құрылымдарының өзара әрекеттестігі.

9-модуль.Журналист этикасы.(9 сағат)

БАҚ заңнамасы және этика. Журналист этикасының зерттелу табиғаты мен ғылыми сипатын, негізгі құрылымы. Кәсіби журналистің әдеби мен моральдық-этикалық міндеттері. Сөйлеу және жазу мәдениетіндегі, сондай-ақ, кәсіптік әдебіндегі мәселелер. Ұйым мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру саласында жалпы кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, коммуникациялық компаниялар мен іс-шараларды дайындау және өткізу саласындағы құзыреттіліктер. Баспасөзге арналған PR-мәтіндерді жасау дағдылары.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Медеубекұлы С.Журналистік шеберлік: таным мен талғам. 2 том,Жинақ,2018ж.
2. Медеубекұлы С.Басылымды редакторлық әзірлеу ерекшеліктері. Қосымша, 2018
3. Әліқожа Б.Замансөз: дерек, оқиға және образ үндестігі. Оқу құралы, 2018
4. Мухатаева Қ.Отандық және шетелдік баспа ісі. Оқу құралы, 2018ж
5. Жақсылықбаева Р.С.Журналистің мәтін жазу машығы. Оқу құралы,2018
6. Бекболатұлы Ж.,Асқаров Н.Стилистика және редакциялау: ресми-іскерлік стиль. Оқу құралы,2018
7. Жақып Б.Публицистика негіздері. Оқу құралы, 2018
8. Әбдірайымұлы А.Фотожурналистика. Оқу әдістемелік құрал, 2016
9. Оразбекова З.С., Жанабаев Е.Б.СМИ и международные конфликты на Евразийском пространстве. Учебное пособие,2017
10. Ибраева Г.Зарубежная журналистика. Сборник, 2018
11. Велитченко С.Н.Выпуск учебной газеты, радиопрограмммы и телепередачи. Учебное пособие,2017
12. Дудинова Е.И.Этика журналиста, 2016